



Құрметті, аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Рәміздері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ халқының өткеніне көз жүгіртіп, тарихи бастауларға терең үңілсек, таңбаны пайдалану дәстүрі ежелден, сонау көне түркі заманында пайда болғанын білеміз. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге жетіп отыр. Қазақ халқының болмыс-бітімі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қабылданған Мемлекеттік Рәміздерімізден көрініс тапты.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1992 жылдың 2 маусымында Республика Жоғарғы Кеңесі қазақ халқының егеменді мемлекет болған жаңа рәміздерін бекітті. 1992 жылғы 4 маусым күні «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы туралы» тарихи заңдарға қол қойылды.

Сол күннен бүгінге дейін, міне, 30 жыл уақыт өтті. 30 жыл желбіреген туымыздың астында Қазақстан халқы егемен елде тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Мемлекеттік Рәміздерімізді құрметтеу, халық жүрегінің лүпілін түйген керемет музыкалық туынды Әнуран-Гимнді білу, жан-жүрегімізбен шырқау – балабақшадағы бүлдіршіндерден бастап барлығымыздың басты міндетіміз.

Ел тәуелсіздігі мен Мемлекеттік рәміздер – егіз ұғым. Рәміздер – саяси тәуелсіздік пен егемендіктің бірегей белгілері. Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекетті мемлекеттік саяси рәміздерінен елестету мүмкін емес.

Сондықтан бүгінгі мерекенің орны ерекше, мәртебесі де биік. Себебі бұл тек мерекелі күнді атап өтумен ғана шектелмейді, бұл мереке бізге үлкен міндеттер жүктейді. Ол міндет – кейінгі жастарымызды, жеткіншектерімізді ел үшін еңбек етуге, Отанды сүюге тәрбиелеу. Мемлекеттік құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Сіздерді бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, еліміздегі тыныштық пен бейбіт күннің қадірін білейік дегім келеді. Еліміз амаң жұртымсыз тыныш болып, көгімізде қыран самғап, көк Туымыз асқақтай берсін, ағайын! Мереке баршаңызға құтты болсын!

Құрметпен,
аудан әкімі Асқарбек Есжанов



Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі асқақ

Мемлекеттік рәміздер – мәдениет пен тарихтың айнасы, ол – халықтың ұлттық санасын оятуға, елдігіміздің бұрын-соңды болмаған баянын мазмұндауға қызмет ететін белгілер. Елтаңбамыз елдігімізді айшықтаса, көк байрағымыз ашық аспан астында алаңсыз желбіресе, кеудемізді толқыныс кернеп, әнуран шырқалғанда ерекше сезімге бөленеміз. Бұл – елін сүйетін әрбір қазақ баласының бойында бар қасиет. Ол мемлекет айынын да асқақтатады.

Тәуелсіздік атты баға жетпес құндылыққа әуелі Төңір қалауымен, сонан соң ата-бабамыздың толассыз күресімен қол жеткіздік. Тарихымызды ұмытпаймыз, санамызда жаңғыртып, кейінгіге енеге етеміз, басшымыздағы бағмызды бағалаймыз. Азаттықтың ақ таңы атқалы ордалы отыз жылдан асты, енді міне, Мемлекеттік рәміздеріміздің де отыз жылдығына куә болдық. Шүкір, әлем картасында Қазақстан атты тәуелсіз ел бар екенін дәлелдейтін нышандарымыз Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнуранымыз бар.

Қашанда қырандай қырағылық қанында бар текті халық бұрыннан құлашын кеңге жайып, ұланбайтақ атырапта еркіндікте өмір сүргенді аңсады. Қазақ халқының осындай болмыс-бітімі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қабылданған Мемлекеттік рәміздерімізден көрініс тапты. Елтаңбамыздағы қанатты пырақ осының дәлелі болса керек. Елтаңбаның қақ ортасындағы шаңырақ – ең алдымен қазақтың қара шаңырағының қасиеттілігін, сондай-ақ жатты жатысбай, өзгені өзекке теппейтін көңілі дархан, пейілі дария халықтың бауырмалдығын, соның арқасында көптеген ұлт пен ұлыстың сол қасиетті қара шаңырақ астында бір үйдің баласындай күн кешіп жатқанын білдіреді. Сонымен бірге Елтаңбамыз ел тарихынан тереңнен тамыр тартып, ұлттық рухымызды асқақтатып, шаңырағымыздың беріктігін паш етіп, еліміздің қанатты тұлпардай ұшырлығын айғақтап келеді. Талай елдің аспанында қалықтаған әуелеген көк байрағымыз бен әнуранымыз Қазақстан атын көпке үлгі етіп, жұмыр жүрегімізге мақтаншы сезімін кернетті.

ЕЛ РӘМІЗДЕРІНЕ – 30 ЖЫЛ

“Елтаңбам мен елдігімді бәрі ұқпаң,
Айналайын қазақ деген халықпаң.
Күн бейнелі шаңырағым нұр шашып,
Уықтары бірлігімді танытпаң.

Жұлдызым түр жарқыраған жоғары,
Қонақжайым арылмаған қонағы.
Мызғымаса бірлігім мен тірлігім,
Бағымыз боп, бақыт құсы қонады.

Ай мүйізді алтын қанат пырағым,
Қайсарлықтың бейнесі деп ұғамын.
Бабалардың рухынан қуат ап,
Бейбітшілік күзетінде тұрамын”

деген өлеңмен кестеленген өр рухымыздың шырақшысындай мемлекеттік рәміздеріміздің салтанат құрып, көк туымыздың бейбіт аспан көгінде қалықтап, әнуранымызды жан-жүрегімізбен шырқап, елтаңбамызды құдіреттей құрметтегенімізге де 30 жылдың бедері болыпты.



Елдіктің алтын тұғыры

Шынында иісі қазақ үшін Мемлекеттік рәміздер – еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Ұлттымыздың рухын, салт-санасын, халқымыздың қаһармандығы мен даңалығын, болашаққа арман-тілегін, үмітін жеткізетін киелі құндылықтар.

Мемлекеттік рәміздер – бұл көз келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтудің басты негізі – Отанға деген сүйіспеншілікті, ұлтқа деген патриотизмді қалыптастыру, ел идеяларын кеңінен дәріптеу және дамыту. Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнуранға деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Мемлекеттік рәміздер – ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан қазақстандықтардың осы рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұрғанын көргенде кеуденде мақтаншы сезімі кернейді. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, батылдыққа тәрбиелейді. Алғашқы жылдардағыдай емес, қазіргі кезде еліміздің Әнураны мәтінін білмейтін жан кемде-кем. Ол насихаттың жемісі десек, қателеспейміз.

Рәміздер балабақшаларда да, мектептерде де, жоғары оқу оры-

дарында да, мемлекеттік мекемелердің ғимараттарында да көрнекті орындарға орналастырылған. Балабақша бүлдіршіндері оң қолының алақанын жүрек тұсына қойып «Менің Қазақстанымды» шырқанда ерекше бір сезімге бөленетінін, жігерленіп қанаттанатынын рас. Бұл ел болашағы жастардың өз Отанын, өз жерін, өз елін қорғауға деген сезімін оятып, сенімін нығайтатыны анық. Балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары еліміздің Әнураны мәтінін ата-аналарынан да жақсы біледі десек, дұрыс айтқан болар едік.

Келер ұрпақтың бойына Отанға деген адалдықтың нышаны саналатын Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу

қасиетін дарыту – біздің басты парызымыз. Тұғыры биік, ғұмыры ұзақ рәміздеріміздің беделі жыл санап көтеріліп, елдің игілігіне қызмет жасауда. Мұның бәрі еркіндіктің ақбоз атының кең дала атамекенде кесіліп шауып, азаттықтың көк туын еркін самғатып, ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, кең тыныстаған жылдар шоғырының жемісті қолтаңбасы сынды. Шынында еліміз азаттық алғалы күніміз – шұғылалы, жұлдызымыз – жоғары, бақ құсымыз – баянды, тірлігіміз – бақуатты. Ендеше еркін елде тектіліктің туындай Мемлекеттік рәміздеріміз мәңгі жасай бермек!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН



Бар жақсылық – балаларға

1 маусым – Балаларды қорғау күні. Халықаралық мерекенің тарихына көз жүгіртсек, 1950 жылдан бастау алады. Жетпіс екі жылдан бері әлемнің бірқатар мемлекеті бұл мерекені атап өтуде. Оның ішінде отбасында бала тәрбиесіне басымдық беретін Қазақстан да бар.

Иә, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Жыл басынан бері балаларды бәсекеге қабілетті ұрпақ етіп қалыптастыру мақсатында түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Әсіресе биыл балалар әдебиетіне көптеп көңіл бөлінуде. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов та бұған дейінгі мәжілістерде балалардан бар жақсылықты аямайтынын, қолдан келгенше оларға шаттық сыйлаудың маңызын атап өткен болатын. Кешегі 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында расында жалағаштық балалар қуанышқа көнелді. Сондай-ақ өңір басшысы мереке күні қарсаңында ғана емес, оларға қуаныш сыйлау мақсатында жыл аяғына дейін тиісті шаралар өз деңгейінде жүзеге асатынын жасырмады.

– Адам өміріндегі ең үлкен бақыт – ұрпақ өсіру, бала тәрбиелеу. Бүгінгі бала – елдің ертеңі, болашағы, ұлттың жалғасы. Қазірден бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Өйткені өскелең ұрпақ – елдің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтары. Бар жақсылығын балаларына көрсетіп, олардың жан-

жақты тәрбиелі, саналы болып ер жетуіне қамқорлығын аямайтын мемлекеттің болашағы да жарқын болмақ, – деді аудан басшысы.

Орталық алаңда өткен «Бала – өмірдің мәні» атты мерекелік шарада расында балалардың жүзіне күлкі үйірілді. Бірі сондағы ойыншық көліктермен алаңда серуендесе, енді бірі үстел үстінде ақ параққа сурет салып жатыр. Ол сүгіреттерден әлемді балалар көзімен көрдік десек, қателеспейміз.

«Жылдың үздік ұландары» атанған білім, өнер, спорт саласы бойынша республикалық сайыстарда жетістікке жеткен оқушылар марапат төрінен көрінді. Ал республикалық «Лияс Жансүгіров» және «Абай оқулары» байқауының жеңімпазы, Таң ауылындағы №118 орта мектептің 8 сынып оқушысы Гүлім Алматықызына, облыстық «Жас музыканттар» байқауының III орын, облыстық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауының I орын, «Жеті өнер» VI Халықаралық шығармашылық байқауының бас жүлде иегері, №246 орта мектептің 9 сынып оқушысы Ақберген Ертуғанға және Ұлттық

ойындар бойынша облыстық және республикалық турнирдің жеңімпазы, Жаңаталап ауылындағы №119 орта мектептің 8 сынып оқушысы Нұржұма Тұрарұлына Көкшетау қаласындағы «Балдәурен» лагеріне жолдама берілді. Орталық алаңдағы мерекеде балаларға базарлық мұнымен шектелмеді. «НОМАД Солар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен бірнеше еренге бағалы сыйлықтар, смартфон табыс етілді. Оған №32 мектеп-лицейінің 5 сынып оқушысы Ерасыл Болатбекұлы, №201 мектеп-лицейінің 6 сынып оқушысы Роман Арманұлы, №203 орта мектептің 9 сынып оқушысы Азамат Ғарифуллаұлы сынды 10-ға жуық оқушы ие болды.

Иә, расында қуанса, бала қуансын. Кішкентай өрендердің жүзіне күлкі үйірілсе, одан асқан бақыт та жоқ шығар, сірә. Мерекелік шарада үстін-үстін үлестірілген сыйлықтар балаларға шаттық сыйлағанына шүбә жоқ. Ел астанасы Нұр-сұлтан қаласына 50 балаға туристік саяхатқа жолдама берілді. 100 балаға «Жаңақорған» ауданындағы «Талдысу» лагеріне жолдана үлестірілді. Өзіміздің Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 452 балаға жолдама табысталды. 60-қа жуық балаға велосипед тарту етілді.

Орталық алаңда өлі де балалардың қатары сиреген жоқ. Бәрінің жүзіне күлкі үйірілген. Шара соңына жеткен соң мән де жұмысыма қарай жүріп келемін, бір сәт

өткен шаққа көз тастап. Ойлап қарасам, біздің кезімізде мұның көбісі болған жоқ. Аға-апаларымыз ағаштан нәм темірден жасап берген ойыншықтармен ойнап өстік. Орталық алаңдағы ойын алаңы да балаларға толы. Біздің кезімізде мұндай да алаңдар жоқтың қасы еді. Қазір ше? Аудан орталығының өзінде қаншама ойын алаңы бар. Оның үстіне бүгінгі шарада Асқарбек Төмірбекұлы кент орталығынан және Дәуімбай елді мекенінен тағы да 2 балалар ойын алаңын салуға жұмыс жасалатынын айтып, қуанып тастады. Балаларға мұнан асқан базарлық бар ма, сірә. Жоғарыда айтқанымыдай, біздің кезімізде мұндай базарлық аз болды. Бірақ сонда да балалық шақты сағынасың.

Балаларды қайдам, бүгінгі мерекелік шарадан өзім ерекше әсер алдым. Ата-аналар атынан ұйымдастырған ел ағаларына алғыс айтудың да артығы жоқ деп ойлаймын. Аудан басшысы тек мерекелік күнді ғана емес, тұтас бір жылда балаларға базарлық үлестірілетінін айтып жатыр. Олар үшін бастысы көңіл ғой. Ал оны ел ағалары жақсы біледі. Болмаса мерекелік күнге арналған шара дәл осындай жоғары деңгейде өтер ме еді?

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
I курс студенті

Аудандық газетке енді орналасқан кезім тұғын. Тілшімін. Редакциямен байланысы бар шығармашылық өкілдерін әлі тани бермеймін. Бір күні түске таяу кабинетке бір кісі келді. Әлі есімде, үстінде қоңыр костюм-шалбар, көк көйлек киген, қызыл галстук таққан. Қолында бір бума ораулы қағазы бар. Түрі ашулы сияқты болып көрінді. Кішіге тән әдеппен амандасып, журналистке тән дағдымен келген шаруасын сұрадым.

Көшелі сөздің, өнегелі өмірдің иесі

– Сен кімсің? – деді. Аты-жөнімді айттым. Құлағын қолымен қақпалап қайта сұрады. Бұл «қаттырақ сөйле, құлағым ауыр естиді» деген ишарасы екенін ұқтым. Дауысымды көтеріп аты-жөнімді тағы қайталадым. Құлаққа ұрған танадай тып-тыныш кабинеттің іші әп-сәтте азан-қазан болды.

– Кім болып істейісің? – Тілшімін.

– Редакторын қайда? Есігі жабық тұр ғой...

– Жиналысқа кеткен.

– А-а-а! менің мақаламды неге баспай жатысыңдар? – деді даусын одан сайын қатайтып.

– Білмеймің қандай мақала? – деп сұрадым.

– Әй, сендер қандай журналиссіңдер? Редакцияға қандай мақала келгенін де білмейсіңдер. Бір ай бұрын бастығына «Қабан батыр» жайында көлемді мақала беріп кеткеніңіз сол әлі шыққан жоқ. Неге шықпайды?

– Білмеймін аға, көлемі көп болып тұрған шығар.

– Көлемі көп деңізі! Сонда сендер ұрпаққа өнеге болатын осы өлкенің тарихи тұлғаларын жарияламайсыңдар ма? Әлде өкім солай тапсырма берді ме?

Қатты сөйлегендерге қисайып қалатын менін де қиқарлау мінезім бар еді. Бірақ алдымда тұрған кісінің үзкіне ләм дей алмадым. Айтып тұрғаны орынды. Кейде газеттің неміріне материалдарды сидыра алмай жатады. Сосын өлгіңдей көлемді мақалалар кейінге шегеріліп, қалып қоя береді. Соны түсіндірген болдым.

– Келесі немірге басылады, аға, редактор келгесін ескертемің, – дедім.

Түсі сәл жылығандай болды. «Мен – Жақсылық Адамбаев деген ағамның» деп өзін таныстырды. Содан соң:

– Тағы бір мақала алып келдім, редакторыңа немесе Серікке бер, – деді.

«Әзің қарап шығарсың» демеді. Өйткені расында мен ол кезде жұмысқа жаңа келген тәжірибесіз тілші едім. Яғни маған сөйбеді. Оған ренжігенім жоқ, Алайда ол кісі кеткеннен кейін төрт-бес бет ақ қағазға қолмен жазылған мақаланы оқып шықтым. Әр әрпі тасқа басқандай анық. Мақаланың тақырыбы да елең еткізеді: «Сәрке батырдың соңғы ерлігі». Мазмұны да тартымды,

тарихи деректерге бай.

Менің қаламгер, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, аудандық газеттің тұрақты авторы Жақсылық Адамбаевпен алғашқы таныстығым осылай басталған. Алғаш көрген адамыңды қандай қалыпта көрсен, өмір бойы көз алдыңда сол қалпымен қалып қоятыны бар ғой. Бірақ Жақсылық аға менің есімде байсалды, парасатты болмысымен сақталып қалды. Кейін ол кісімен жақсы араласып, ағалы-інілі жақын қарым-қатынаста болдық. Мен ойлағандай мінезі қатал емес, жүрегі жұмсақ жан болып шықты. Өзінен кейінгілерге үнемі өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңесін айтып, қамқорлық көрсетіп жүретін. Жақсылыққа жүрегі қаншалықты жұмсақ болса, қоғамдағы, айналасындағы әділетсіздікке соншалықты қатал еді. Көзіне көрініп, көңіліне сыймай тұрған олқылықтарды жал-бақтамай тура айтатын батыл да кесек мінезі де бар еді. Кездескен сайын аман-дұрықтан соң «Әй, жағдайларың қалай? Отырған жерлерің шетте әрі жайсыздау ғой. Редакция қызметкерлері орталықты, жақсы ғимаратта отыруы керек қой. Оны өкімге кірген сайын айтып жүрмін» дейтін. Ол да Жақсылық ағамыздың журналистерге деген қамқорлығынан бұрын қаламға деген адалдығы ғой.

Осыдан бірер жыл бұрын Жақсылық ағамыз сексен жасқа толып, сол мерейлі жасына орай «Өмір өткелдері» деген кітабын шығарды. Сол кітапқа мен редактор болдым. Кітап баспадан шыққанша Жақсылық ағаның үйіне аптасына екі мәрте барып тұрдым. Сонда байқағаным, Жақсылық ағамыздың авторлығымен жазылған мақалалар мен өлеңдерде есеп жоқ екен. Жартысысын бөлек папкаға сықап салып, бөліңген бір буып, қаттап тастай берген. Бұл – білген адамға қаламның сиясың, көзіңнің майына тауысатын үлкен өңбек. Менің таңғалғаным, сол қолжазбалардың көбі Жақсылық ағаның ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп жүргенде жазылған. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығының жұмысы ол заманда өте қиын болғаны белгілі.

Күнделікті қайталана беретін қат-қабат тіршіліктің бейнөті көп, демалысы жоқ болатын. Мен оны өзім қойшылардың ауылында туып-өскен соң жақсы білемін. Сондай қарбалас жұмыстардың бел ортасында және елсіз далада жүрген адамның басқа шаруаға мойын бұрып, назар аударуы өкіталай ғой. Мен үстел үстіндегі папкалар мен қобыраған қағаздарды көріп отырып, бүкіл ғұмырын өз мамандығы бойынша мал шаруашылығында өткізсе де, қолынан қаламын тастамай, ұрпағына мұра қалдыруды мақсат тұтқан қаламгердің жанкешті өнебегіне тәнті болдым.

Жақсылық ағамыздың айтуынша, жас шағында Қарақұм мен Қызылқұмды аралап жүргенде тек малдың жайын ғана біліп қайтпай, сол маңдағы тарихи ескерткіштердің де тарихымен танысып, қызықты, қажетті тұстарын қойындәптеріне түртіп алады екен. Кейін сол мәліметтердің, деректердің барлығы ағамыздың тарихи тұлғалар жайында жазған еңбектеріне арқау болған.

Жақсылық Адамбаев «Бұқарбай батыр», «Қаһарлы Қабан батыр», «Сәрке батырдың соңғы ерлігі», «Беркімбай әулие», «Ақын Төлеубай», «Мысық би» деген тақырыпта және басқа да осы өңірде өмір сүрген тарихи тұлғалар жайында танымдық мақалалар жазып, өлке тарихының толығына үлес қосты және көптеген жалағаштық майдандарлардың соғыстағы ерліктерін зерделеп, зерттеп, жазып қалдырды.

Жоғарыда Жақсылық ағамыздың адам ретінде де, қаламгер ретінде де ұстанымы әділдік, адалдық екенін жаздық. Оның да өз себебі бар. Естеліктеріне зер салсақ, ол кісі әділетсіздікті, қатыгездікті бала күнінен көріп өсіпті. Өткен ғасырдың қырықыншы жылдарындағы қиыншылықта халыққа көмектескен әкесі Әбілдаға жалған жала жабылып, абақтыға қамалады. Бала болса да Жақсылық ағамыздың көз алдында әкесін қызыл империяның жөңдеттері тепкілеп алып кеткен сұмдық сурет қалып қояды. Жазықсыз жазаланған әкесіне араша түсе алмайғынына қатты қорланып, әділетсіздікке күйінді. Кейін өздері де қызыл үкіметтен күнгін көреді. Белі қатып, бұғанасы бөкімеген, қаршадай кезінен колхоздың ауыр жұмысына жөгілген бала түрмеде жатқан әкесін сағынып, бір көруді армандайды. Жатса да, тұрса да әкесін



ойлап, оның аман келуін Құдайдан тілеп жүреді. Періште пейіл баланың тілегі қабыл болып, бірнеше жылдан соң әкесі ақталып, түрмеден босап келеді. Содан бастап бала Жақсылықтың көңілі жайланып, оқу оқып, білім алуға ден қояды.

«Жамандықты көргенде күйіп кету – жақсылықтың белісі» дейді Қадыр ақын. Бұл тұрғыдан алғанда да Жақсылық ағамыз жақсы адам қалпында қалды. Көп ішінде, халық арасында өлдік мәселелерге қатысты ой-пікірін жасқанбай, жалтақтамай тура айтты, басының сыңға арқасын беріп тұрған олқылықтарын жеке басына тимей-ақ журналистиканың фельетон жанры арқылы ірөп салды. Бір қызығы, өлгі сықақ өлеңдерде немесе фельетондарда аты аталып, түсі түстелмесе де бас кейіпкерді оқырман жазбай танитын. Тіпті оның сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы, іс-қимылына дейін дәл беретін. Бір сөзбен айтқанда, сын садағын шірне тартқанда улы жебесін ондыққа деп тигізетін.

Бұл – қаламгердің шеберлігі. Яғни Жақсылық ағаны сатираға да қаламы жүйрік журналист деуге өлден болады. Оған ағамыздың «Құлкінің сиқы», «Қыран мен қарға», «Жағынсаң өсесің», «Өтірік құйрығын ұстатпайды», «Сыналмаса мініміз, не болады күніміз?», «Дәуімбайдың мұны», «Қысқартуға іліндім», «Баламды жұмысқа қалай орналастырдым?», «Жауыр болған тақырып», «Құрғақ үзде», «Замана запыраны» деген уытты мақалалары мен сықақтары дәлел. Оқып отырып еріксіз күлесің, күйнесің, жылайсың.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, тыл және еңбек ардагері Жақсылық Адамбаев аудандық басылымға ғана емес, аудан руханиятының дамуына зор үлес қосты. Ұлттық құндылықтарымызды, соның ішінде мәдени мұраларымызды жинақтап, тарихымызды түгендеуде көп еңбек сіңірді.

Таулар алыстаған сайын биіктігі береді. Адамның өмірге келгендегі мақсаты, мұраты – адамша өмір сүру. Яғни өзіңнен кейінгі ұрпаққа өз балысыңның жақсы жақтары арқылы үлгі болу, жақсы сөздерің арқылы өнеге болу. Сөз жоқ, Жақсылық ағаның ғұмыры кейінгі ұрпаққа шарапатты шауғын түсіріп тұрады.

Қуат АДИС

Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі асқақ

Мемлекеттік рәміздердің ішінде Тудың маңыздылығы тарихтан белгілі, қазір де қадір-қасиеті бөрінен басым екені анық. Әңгімемізде көзіндегі байрақ сөзінің мән-мағынасына тоқтала кетсек. Өйткені ту мен байрақ егіз ұғым дегенмен, байрақтың туға қарағанда анағұрлым ерте пайда болғанын білеміз. Әрі бүгінгі күні маңызы мен пішіні ту мен жалауға айналғанын байқаймыз. Қазақ қоғамында тудың көтерілуі, тудың тігілуі – халықтың бір жерге ұйысып, ел болғанын білдіретін әлеуметтік ұғым. Ту, байрақ – көшпелілердің мемлекеттілігін айқындайтын басты нышан.

Ал байрақтың, тудың қаншалықты биіктігі жөнінде, ол үшін болған шайқастардың маңыздылығы хақында және көк ту біз үшін намыс пен қуаттың нышаны екеніне айтылатын әңгіме де, тарихи оқиғалар да баршылық. Кешегі Алаштың арлы азаматтары байтақ өлкеміздің әр өңірінен атойлап шығып, атқа қонды. Сонымен қатар әр дәуірдің тарихы бабалардың қандай ту ұстағанынан хабар береді. Мәселен, тасқа қашалған Күлтөгің жырында түркі жауынгерлерін бөріге теңеп, туына бөріні бейнелесе, бұл дәстүр беріге дейін сақталған. Тарихтың том-том қатпарларында Абылай ханның ақ туы болғаны, Бөгенбай батырдың ақ түсті ту ұстағаны хақында деректер бар. «Ақ туды Бөгенбайға әкел берді. Қараңдар, қасиетті Бөген ерді» деп Бөгенбай батыр тарихи жырында да айтылады.

Қобыланды батыр жырында: «Құйысқанды қысқартып, Көк ала шұбар ту байлап» деп келсе, Алпамыс батыр жырында: «Шаң астына қараса, Айшықты ала ту көрді» деген жолдар бар. Бұл мысалдан тудың соғыс кезіндегі басты рөл атқарғанын ұғамыз. Өйткені шайқаста ту жауынгерлерге рух беріп, жеңіске деген күш-қайратын жаныған. Туға қарап әскердің кім екенін аңғарған.

Орта ғасырларда соғыста тудың жығылуы бүкіл әскердің жеңілгенін ұқтырған. Ал берідегі Ұлы Отан соғысы кезінде алғаш рет Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ батыры Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі тарихтан ойып тұрып орын алды. Бірақ осы жолда талай боздақтардан айырылдық, қанша бала жетім қалды, қанша өміл жеріс атанды. Осы бір рейхстагқа тігілген ту қантөгістің ақыры болды, сұрапыл соғыстың нүктесін қойды.

Жалпы тарихи жазба деректерде көшпелілердің ордаларында биліктің нышанын білдіретін байрақ, тудың болғаны туралы мәлімет көп. Мәселен, қазақтың қару-жарақтарын зерттеуші ғалым Қ.Ахметжановтың айтуынша, байрақ тудан бұрын пайда болған. «Байрақ тудан бұрын пайда болған. Ол – хандық биліктің, әскери лауазымның, батырлық дәреженің символдық белгісі. Бұл белгі патшалар, әскербасшылар жүрген жерде көтерілген». Бұл – ғалым пайымы. Сондай-ақ байрақты скифтердің қолданғаны туралы дерек көп. Тарихқа көз жүгіртсек, көшпелі далада сак, ғұн, сарматтардан кейін үстемдік құрған өжелгі түркі тайпаларының жоғары лауазымды әскери қолбасшылары бөрі бейнеленген байрақ көтерген.

Мемлекеттік рәміздер – біздің егемендігімізді паш етуші, азаттығымызды айқындайтын, біртұтастығымызды білдіретін қасиетті де құрметті нышанымыз. Әрқашан бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болып келген рәміздеріміз – қазақтың намысын көкке көтерген, жалпақ өлемге атымызды оздырған, жас мемлекетіміздің жетістіктеріне куә болған қасиетті құндылығымыз. Мәселен, мемлекетаралық, халықаралық бәсекелерге «Байрақты бәсеке» деген сөзді телуі барлық ұлт үшін өздерінің тарихы, болмысы бейнеленген байрақтарының бөрінен биік тұратынын түсінуге болады.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

← 1

Бұқарбай батырдың кесенесі

Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1812-1898 ж.ж.) – өзінің саналы өмірінің ондаған жылын патшалық Ресей, Хиуа және Қоқан хандықтарының басқыншылық саясатына қарсы күреске арнап, Сыр бойын мекен еткен жергілікті қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін бес қаруын белінен шешпеген батырлардың бірі.



Бұқарбай батыр көнекөз қариялардың айтуынша, 1812 жылы Жалағаш ауданы төңірегінде дүниеге келген. Шыққан тегі Кіші жүздің Табын тайпасынан. Оның ішінде Теке, одан Атанша болып тарайды. Атаншаның баласы Құдайсүгірден батырдың әкесі Естекбай туған. Батырдың кезі тірісінде-ақ ол туралы жыр-дастандар дүниеге келген.

Батырдың 10 жылға жуық жорықтары жайлы өйгілі Нысанбай жыраудың «Кенесары- Наурызбай» дастанында жан-жақты суреттелген. Ол кісінің өшпес ерліктері жайлы кезінде орыстың атақты саяхатшы-ғалымы А.Грең, әскери шенеуніктер, әкелі-балалы Рыжковтар, поляк революционер ғалымы А.Янушкевич, академик С.П.Толстовтар жазып кеткен.

Батыр туралы деректер Санкт-Петербург, Орынбор, Омск, Ташкент, Алматы архивтерінде сақтаулы. Мысалы, орыс ғалымы А.Грең Бұқарбайдың қол жинап барып, қоқандықтардың Қарабөтетін бұзғандығы жайлы былай деп баяндайды. «... 1852 году киргизский (казахский) батыр Бухарбей, воставший против кокандцев, разрушил плотину Кара – Бурут, и с этого времени вода Сыра вновь устремилась в русло Джаны – Дары...». Қазақтың атақты ақын-жазушылары Базар жырау, Сүйінбай, Ж.Жабаев, М.Әуезов, М.Сералиң, І.Есенберлин, Т.Ізтілеуов, А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаевтар, белгілі тарихшы-ғалым Е.Бекмахановтар т.б. Бұқарбай батырдың ерліктерін өз шығармаларына арқау еткен.

Мазар 1993 жылдың көктемінде Бұқарбай батырдың 180 жылдығы қарсаңында салынған. Ол Бұқарбай батырдың ертеректе құлап қалған ескі кесенесінің көлемін алып жатыр. Қабырғалары мен бұрышындағы 4 бағана селикат ақ кірпіштен қаланған. Көлемі – 20х15 метр. Мазарға жапсарлас зиярат етіп келуші кісілер түйітін төбесі күмбезбен жабылған бір бөлме салынған. Бөлмеге кіретін ескі солтүстікке қаратылған. Күмбезінің диаметрі – 6 метр. Жобаның авторы әрі сәулетші – Н.Мұқашев, архитекторы – Қ.Баекеев.

Айгүл Піржанова, «Бұқарбай батыр» атындағы музейдің ғылыми қызметкері

КЕҢЕС

Бейсенбіде аудан әкімі Асқарбек Есжанов Жалағаш аудандық қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Алдымен аудан басшысы барлық сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы күндері жүзеге асатын жобалармен таныстырды. Жуырда ғана аудан әкімі ұсынған 12,6 млрд теңгені құрайтын 53 жобаның 10 млрд теңгеден асатын 44 жобасы қолдау тапты. Бұл – алдағы уақытта ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің арта түсетінінің айғағы.

Жұмыс жанданады, кент көркейеді

Кездесу барысында аудан басшысы барлық салаға көңіл бөлінетінін жеткізді. Соның ішінде ұзақ жылдардан бері тұрғындарды толғандырып жүрген мәселе – темір жол үстіне аспалы көпір, одан бөлек Дәуімбай елді мекеніне спорт алаңдары, және бірқатар көшенің бойына тротуар салынатынын айтты. Сонымен бірге Асқарбек Темірбекұлы кенттің, ауылдық елді-мекендердің көркейту-көгалдандыру жұмыстарына, санитарлық тазалығына жіті көңіл бөлетінін еске салды.

Қоғамдық кеңестің жаңартылған құрамының жұмыс бастағанына да екі ай уақыт болды. Осы уақыт аралығында кеңес отырыстарында аудан көлемінде бірқатар күрмеулі, шешілуі тиіс маңызды мәселелер көтерілді. Ол жайында Жалағаш аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Оразбек Ахметов баяндады.

Кездесу барысында кеңес мүшелері аудан әкіміне тұрғындардың көкейінде жүрген әлеуметтік мәселелерге қатысты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Нақтырақ айтсақ, бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан егістік және жайылымдық жерлердің дауы, күн өткен сайын көтеріліп бара жатқан нарық бағасы, көркі кірмей

тұрған кент сәулеті, жол қозғалысының жөнісздігі, газдандыру жүйесіндегі олқылықтар, көпқабатты үйлердің ауласында санитарлық тазалықтың сақталмауы және кент ішін көркейту-көгалдандыруға үлес қосқа деген тұрғындардың селқостығына қатысты мәселелер көтерілді.

Шын мәнінде осы мәселелердің көбін халықтың өзі туындатып отыр. Бұл жөнінде кеңес мүшесі Қожатай Құлмахан жақсы айтты.

– Бүгінде халық арасында қымбатшылық мәселесі көп айтылып жүр және бағаны реттей алмайды деп мемлекетті сыңға алып көледі. Дұрыс. Бағаны тұрақтандыруға байланысты құзырлы орындар жүйелі жұмыстар жүргізуі тиіс. Алайда мен күнделікті куә болып жүрген мына жағдайды айтып келеді. Мәселен, бұрын ауыл қаланың асыраушысы еді. Яғни ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәрі аудан орталығына және қалаға ауылдардан жеткізілетін. Ет-сүт өнімдері, бақша дақылдары, мақта-мата комбинаттарына қажетті шикізаттарды (жіптерді) ауылдағы қой-ешкінің жүнінен алатын. Ал қазірде ауыл халқы күнделікті тұтынатын азық-түлігін және басқа да тұрмысқа қажетті майда-

шүйде заттарын қаладан немесе аудан орталығынан сатып алады. Бұл – ойландыратын мәселе. Түсінеміз, жылдан-жылға аяқ су тапшылығы сезіліп келеді. Алайда ауласынан аядай жерге бақша салса, оған су табылады ғой. Құдықтың суы бар, тіпті болмаған жағдайда тамшылатып суару әдісімен ауыз суды үнемдеп пайдаланса да бір отбасына жететін өнім алуына болады. Жоқ, ауыл тұрғындарының көбі олай істемейді. Үнемі байқаймын, автобуспен, таксимен арнайы жұмыс қылып келіп, аудан орталығындағы дүкендерден картоп, жуа, сәбіз, қызанақ, қиярын көпілеп алып кетіп жатады. Сосын баға көтерілмей қайтеді? Өзі тауарын сырттан тасып отырған алыпсатар үшін тұтынушының көбейгені тиімді. Тауарына сұраныс артқан сайын бағасын да көтере береді. Егер ауыл халқы тым болмаса қысы-жазы жейтін өнімдерін ауласына егіп, жинап алса, базардағы тасымал өнімдерге төуелді болмас еді. Тіпті отбасынан ауысқанды нарыққа шығарса, бәсекелестік пайда болып, баға да тұрақтанар еді. Қыл аяғы ауыл тұрғындары бұылған сыпырылштың өзін базардан сатып алады. Ал сыпырғыш – кішкене ылғал

болса, қаулап шығатын өсімдік. Оған аса бап, күтімнің де керегі жоқ. Мен аудан орталығында тұрсам да жеміс-жидек, бақша дақылдарын сатып алмаймын. Аулама егіп, өсіремін. Саудагердің етіне, сүтіне де тәуелді емеспін, қорамал мал ұстаймын.

Сонымен бірге біз тазалық, көркейту-көгалдандыруды тек өкімшілік атқаруы тиіс жұмыс деп түсініп жүрміз әлі. Ол – тұрғындардың тікелей қатысуымен бітетін шаруа. Сенбіліктерде байқаймыз, кейбір тұрғындар көшесі тұрмақ ауласын, үйінің айналасын тазаламайды. Мекеме қызметкерлерінің сенбілікке шыққанын күтіп отырады. Ауласына, көшесіне бір тал өкпейді. Міне, осы жауапкершілікке тұрғындарды қалыптастыруымыз керек. Өйткені кент – біздің ортақ үйіміз, – деді Қожатай Қожақұлы.

Ұсыныс-пікірлерді тыңдаған аудан басшысы айтылған мәселелерге байланысты алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жүргізілетінін жеткізіп, қоғамдық кеңес мүшелерін ел мүддесі жолында бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Қуат АХЕТОВ

ТАҒЫМ



Ол жылдар ұмытылмайды

Қазақ даласында азаттық үшін талай көтеріліс, шапқыншылықтардың орын алғанына тарих куә. Ал сол нәубетті бастан көшіп, қазақ даласының ұлтарактай жерің қасиетті топырағын жау табанына бастырмай қорғап қалған ата-бабамыздың ерлігі – бүгінгі тұпаққа үлгі. Осынша қиындықты еңсере білген еліміздің еңсесін тіктеген асқақ рухы – өзгеге өнеге. Тарихтың таразысында тең түскен қазақтың қанымен бірге жаралған осы ер намыс пен ұлттық рух күні бүгінге дейін талай тұғырдан көрінуімізде, белестердің сан саласын бағындыруда тегімізді айқындап тұрды. Өйткені қазақ – қашаннан еркіндік үшін жаралған халық.

Кешегі Кеңестік тоталитаризмнің зұлым саясаты мен зұлмат әрекеті ешбір елді таңдап, ешбір адамды таппаған жоқ. 1920-1950 жылдары Кеңес одағында миллиондаған адам

саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақтың қаншама қабырғалы тұлғалары сол солақай саясаттың құрбандарына айналды.

ТАНЫМ

Өмірі тарихқа толы азамат

Өткен ғасырдың елуінші жылдары қазақтың қалыптасқан дәстүріне сай біздің қазіргі Бұқарбай батыр ауылының тұрғындары тайлы-тұяғына дейін жазда дария бойындағы «Ақшығанақ» деген жерге жайлауға шығатын. 1956 жыл маусым айының орта тұсы. Оқу жылы аяқталған бойда колхоздың күріш отағынан бір топ бала дарияға суға түсіп жатыр едік. Бір ересек баладан ауылға ұзақ жылға сотталған үлкен кісі қонаққа келе жатыр дегенін естідім. Оның сөзіне мән бермей үйге келсем, күн шықпай колхоздың жұмысына кететін әкем күндегідей емес, тәуір киімін киіп, құдды қонаққа баратындай жиналып жатыр екен.

– Балам, – деді өткен ғасырдың басында дүниеге келген әкем мені үлкен адамға балап. «Халық жауы деген жаламен 20 жылға ұсталып кеткен Сейіткерей деген екен ақталып, босап, елге сәлем беруге келе жатыр. Түске таман келіп қалар, Дүйсенкөңнің үйінде қонақ болады. Соған жиналып жатырмын» деді. Дүйсенкөң дегені 30 жылдары колхоз басқарған кейіннен ферма меңгерушісі болып ат үстінде жүріп қызмет атқарған әкемнің ағасы, ауқатты тұратын ауылдың ақсақалы Айтуаров Дүйсенбай деген кісі болатын. Әкем айтқандай-ақ, ауылдың ақсақалдары Төлебайдың Смағұлы, Ермахан Бекіш бригадир ағамыз, Оспанқұлов Нұрмағанбет т.б. бір топ адам аттылы-жаяулы қауық аузына, паромға құрметті қонақты күтіп алуға бара жатты.

Ол кезде мұндай елеулі оқиғалар сирек болатын, осыны қызықтаған бір топ бала, біз үлкен кісілердің соңынан ердік. Паром қалықта арғы бетте қонақтар да күтіп тұр екен, көп ұзамай атты кісілер келіп, аттарын паромға түсіріп, бергі бетке өтті. Қонақтардың көпшілігі жастары егде тартқан қазақы киінген адамдар екен, іштерінде осы заманның үлгісіндей киінген бастарында ши қалпақты жігіттер де бар. Солардың ішінде басқалардан түр әлпеті өзгеше ұзын бойлы, ат жақты, үстінде ақ китейл, қыры сынбаған ақ шалбар, ақ қалпақты сұлу мүсінді кісі ерекшеленіп, көпшілікті өзіне ерікіз тартып тұрды. Күтіп алуға барған ауыл ағалары құшақтасып көрісіп, амаңдасып жатыр. Олардан сөз қала ма, үлкендері «Сейіткерейжан, елге аман-есен келуіңмен, «аққа қара жұқпайды» деген Әділеттілік бар екен ғой. Қуаныш ұзағынан болсын» деп, небір қиындықтарды басынан өткізген ақсақалдар көздеріне жас алып,

жүрекжарды тілегін айтып жатты.

Кейін білдік, Сөкеңнің қасындағы еріп жүрген кісілер ауданымыздың зиялы ақсақалдары Бекжан, Сәдуақас, Абыт, Шоңбай т.б. әкелеріміз екен. Бұл жағдай біздер үшін балапық шақтағы естен кетпес оқиға болған еді. Әңгіме болып отырған Усабаев Сейіткерей өткен ғасырдың басында ауданымыздың негізі болған Байзақ болысында дүниеге келген. Арғы атасы Ақжігіт табыннан шыққан Шортанбай бидің елге сөзін өткізе алатын от ауызды, орақ тілді шешені болған.

Жас кезінде ата-ананың қамқорында болған Сейіткерей «Арық-балықтағы» Әбжәміл молдадан тілін сындырып, діни сауатын алғашқы ауыл мектебінен ашады. 1920-1921 жылдары Қызылорда қаласындағы 8 айлық мұғалімдер даярлайтын курс бітіреді. 1922 жылы Жалағаш кентіндегі Байзақ болысының комсомол комитетінің жауапты хатшысы болып сайланады. 1921 жылы комсомолға, 1922 жылы Коммунистік партия қатарына өтеді. 1923 жылдан бастап Жалағаш негізі болған Байзақ болыстық, Ақмешіт уездік округінің, Қызылорда, Қармақшы, Шәуілдір, Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық кеңестерінің басшы қызметтерінде болып, олардың съездері мен сессияларына қатысып, депутат, аупартком мүшелігіне бірнеше рет сайланған.

1999 жылы ауданның 60 жылдығына байланысты аудан тарихын жазу жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде облыстың партия, кеңес мұрағатында болған кезімде Сейіткерей Усабаевтың Байзақ болысының жауапты хатшысы ретінде қол қойған құжаттарын таптым. Ол 1931 жылдан бастап аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат, аудандық партия комитетінің бюро

мүшесі болған. 1934-1935 жылдары Алматы қаласындағы Марксизм, Ленинизм курсында оқып, саяси білімін көтерген. Байзақ болысында басшылық қызметте болған кездерінде жастарды еңбекке, оқу-білімге, оларды жоғары оқу орындарына тартуға көмек беріп отырған.

Елді ұжымдастыру, колхоз құрылысын өркендетуге өз үлесін қосқан білікті де саяси жағынан ысқылған қайраткер ретінде орталықтың тікелей жолдауымен Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында халық шаруашылығын өркендетуге жауапты басшылық қызметке жіберіліп отырған. Сөкең өзі қызмет атқарған өңірлерде елім деп еңірген, жүректері халық үшін соққан небір алаштың азаматтарымен кездесіп, ойы мен саналы пікірлері, мақсаттары бірге болған. Олардан естіген әңгімелерін санасына ұстап, халықтың аңыз әңгімелерін, ел жер тарихын жинаумен айналысқан.

Сейіткерей республикалық басшының деңгейіндегі қызмет сатысына көтерілер кезде көреалмаушылардың жалған жаласымен 1938 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметінде жүргенде «халық жауы» деген жаламен ұсталған. Сол жылдары партия нарком Темірбек Жүргенов халық жауы болып ұсталғанда сол жақта жүрген Темірбектің әулеттері Қараның туыстарын Сыр еліне жасырын түрде қабырға ауданның атқарушы орын басшысы ретінде Сейіткерей басын бейірге тіліп, рұқсат құжаттарын бергізіп, сонау Ырғыздан теміржол бетіне сенімді жолбасшы адамдар арқылы жетіп, ата қоныстарына жетуге тікелей көмек берген. Осы топта болған облысымыздың белгілі азаматы, ауыл шаруашылығының ұтқыр

рында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Дулатұлы, Т.Рысқұлов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары болды.

Сейсенбіде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай кенттегі «Тағзым» алаңында шара өтті. Алаңға жиналған жалағаштықтар, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары және ел ағалары зұлматты жылдар құрбандарын еске алды. Шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Алиев халқымыздың тарихында мерей тасыған мәртебелі дәуірлерімен қатар «тар жол тайғақ кешкен» тақсыретті кезеңдердің де аз болмағанын атап өтті.

– Қазақ елінде болған қасіреттің бәрі де біздің Жалағаш ауданынан айналып өткен жоқ, Ата-бабаларымыз қайғыға душар болды, ел 100-ге жуық ер-азаматынан айырылды. 1938-1944 жылдары коммунистік режим Жалағаш ауданына көріс, Еділ бойының немістері, грек, молдаван, шешен, ингуш секілді т.б. мыңдаған өзге ұлт өкілдерін зорлап жер аударды. Мұрағаттық деректерге сүйенсек, 1937-1938 жылдары ақпан айында ауданымызға Қиыр шығыстан 3078 көріс, 1944 жылдың 10-11 наурыз күндері Жалағаш станциясына Кавказдан 3885 адам, яғни 894 отбасы (оның ішінде 765 ер, 1065 әйел, 2055-і бала) шешен-ингуш күштеп жер аударылып, қоныстандырылған. Бұл ағайындар Жалағаш жерінен өздерінің екінші Отанын тапты. Дос құшағымызды аштық. Тағдырдың басқа салғанын бірлесіп көрдік, – деді С.Әлиев.

Сонымен қатар шара барысында қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары атынан Аққұм ауылының тұрғыны З.Мажиева сұрапыл жылдарда жазықсыз жала шеккен жандардың есімдері елдің есінде сақталатынын жеткізді. Шара барысында құрбандарды еске алу мақсатымен бір минуттық үнсіздік жарияланып, құран бағышталып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ



ұжымдастырушысы марқұм Өмірзақ Тұңғышбаев емізгі бала екен. Кейін Өтекей Сейіткереймен табысып, әкесіндей сыйлап өткенін біздер жақсы білеміз.

Сейіткерей қаралау кезінде осы әрекеттерді алдынан шығып «халық жауының» туыстарын аман алып қалуға, қашыруға көмек берген деп айып тағылған. РСФСРҚК 58 бабымен партия қатарынан шығарылып, 1932 жылдың 10 сәуіріндегі Қазақ ССР Ішкі істер министрінің соғыс трибунасының және сол жылдың 17 шілдесіндегі СССР Жоғарғы сотының ұжымдастыруымен 20 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібірге жазасын өтеуге айдаған.

Партияның жиырымасыншы съезінен кейін Ақтандақтарға саясаттың жылы лебі ескеннен кейін 1956 жылдың 21 қаңтарындағы СССР Жоғарғы Соты алқасының ұйғарымымен толық ақталып, елге оралған. 1956-1959 жылдары Тереңөзек ауданының Кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарып, республикалық дәрежеде зейнеткерлікке шыққан. Жастайынан ел ағасы болып өмір жолын бастаған Сейіткерей Усабаев қиындыққа мойымай, ұнжырағы түспей, өзінің тектілік қасиеттерін сақтап, үйде қол қусырып, бос отырмай Жалағаш, Сырдария аудандарының көлемінде қоғамдық, көпшілік жұмыстарға белсене араласты. Елінің сыйлы да құрметті ақсақалы болып өмірден өтті. Сыр аныан егіз еміп жатқан екі ауданның биік тұлғалы қайраткер азаматы Сейіткерей Усабаевтың өмірі бүгінгі егемен еліміздің тарихи жолдары деуге болады.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

Артық салмақтан қалай арыламыз?

Артық салмақтан арылу үшін қол қусырып, қарап отырып армандау жеткіліксіз. Егер сіздің толықтығыңыз туабітті болмаса, онда арықтау үшін мүмкіндіктеріңіз көп болмақ. Алдымен артық салмақтан арылу үшін диетаның көмегіне жүгінің көріңіз. Дұрыс таңдалған диета сізге көмектесуі әбден мүмкін.

Диетаның түрі көп. Бірақ денсаулығыңызға аса мән бергеніңіз жөн. Себебі денсаулық сақтау саласының мамандары артық салмақтан арыламын деп, оңды-солды әдістерді қолданып не болмаса күні бойы нәр татпай жүргендердің айықпаса шалдығып қалуы мүмкіндігін ескертеді. Қысқасы, артық салмақ неден болады? Осыны ойлаған дұрыс секілді. Артық салмақ тағам талмағаннан майлы, қуырылған, жеңіл-желпі тамақтан салғаннан, газды сусындарды көп ішкендіктен жиналады. Ең дұрысы, диетологтар фитнес залдарға барып, уақытылы жаттығумен айналысуды және тамақтану мерзімін бір жүйеге қоюды ұсынады. Егер фитнес залдарға баруға қалтанып жүқа болса, үй жағдайында да жасалатын жаттығулармен орын ауыстыруға болатынын айтпақпыз.

Жаттығуларды тәнертең жасаған тиімді. Бірақ нәтижесін тез көрім келеді деп, денсаулығыңызға зиян келтіріп алмаңыз. Бұл әдісті терең тыныс алудан қолды көтеріп-түсіруден бастаған абзал. Аяққа арналған жаттығулардың ішінде велосипед тебу, бір орында тұрып секіру мен орында тұрып жүру жақсы көмектеседі. Ең бастысы, асықпаның, сабырмен, ақылмен жасаңыз. Міндетті түрде нәтижесін көретініңіз анық. Ескере кететін жайт, қанша толық болсаңыз да салмақ азайтатын дәрі-дәрмектерді қолданудан аулақ болыңыз. Естіп-көріп жүргеніміздей, дәрілік заттардың салмақ тастауда аса пайдасы жоқ. Салмағыңыз сіз ойлаған көрсеткіштен де төмен түсіп кетуі мүмкін. Ақырында дәріңіз ем емес, дертке айналмасын. Қысқасы, азамын деп, тозып кетуіңіз жапап емес.

Нұр НАУАН

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының хабары

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 3 маусымдағы №АСК-01/159 қаулысымен Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы жөніндегі осы ауылдық округтердің шекарасында сайлау округі құрылды. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 3 маусымдағы № АСК-01/160 қаулысымен Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2022 жылғы 3 шілдеге (жексенбі) тағайындалды.

Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді.

Кандидаттарды ұсыну 2022 жылғы 4 маусымнан басталады және 2022 жылғы 17 маусымда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және 2022 жылғы 22 маусымда сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120200, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №32, Аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты, байланыс телефондары: 31-7-19, 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz, интернет-парақшасына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/activities/2776?lang=kk>

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының құрамы:

Бекжанов Бауржан Султанович – комиссия төрағасы
Бекмолдаев Умирбек Кариевич – комиссия төрағасының орынбасары
Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Бектаева Ақбөпе Алмасқызы
Джанабергенов Мурат Кайнашиевич
Кенжеғара Ержас Темірханұлы
Кулумбаева Асия Мырзабековна

ТАҒАЙЫНДАУ

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының 2022 жылғы 23 мамырдағы жиналысының №5 хаттамасымен Омаров Самат Дәуірұлы «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС басқарма төрағасы болып бекітілді.

Омаров Самат Дәуірұлы 1992 жылғы 30 наурызда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары, экономист-бухгалтер, есеп және аудит.

Еңбек жолын 2012 жылы қантар айында «КТ «Ауыл» ЖШС-да менеджер болып бастаған. Дәл осы жылдың мамыр айынан 2016 жылға дейін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-да менеджер болып жұмыс жасаған. 2016 жылдың наурыз айынан 2019 жылға дейін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-да бөлім басшысы болып еңбек етті. 2019 жылдың қараша айынан бүгінге дейін «КТ «Ауыл» ЖШС-да қажырыл жұмыс жасады.

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС



Жыл өтіпті-ау өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сіре. Бір анадан туып, бір шаңырақта өсіп-өнген бауырымыз Рахым Шаймыханқызының бақылық болғанынан бері де жыл сырыпты. Бұл да тағдырдың басқа салған сынағы ғой, оған сабыр қылмасқа бізде не шара бар дейсіз?

Ташкенбаева Рахым Шаймыханқызы 1957 жылы дүниеге келген. Шымкент қаласындағы кооперативтік техникумды бітіріп келген соң Жалағаш аудандық тұтынушылар одағында ұзақ жыл есепші болды. Одан соң аудандық газеттің қамту мекемесінде есепші болып, зейнет демалысына шықты. Әр салада қажырлы еңбекпен кейінгі буына үлгі болған ол өзіне жүктелген қызметті адал атқарып, табындылық тапты. Әсіресе соңынан өрген бізге қарайласып жүретін бауырмалдық болмысы өзгеше еді. Жолдасы Шаһарбек екеуі 3 бала тәрбиелеп өсіріп, немере сүйді. Бірақ жездеміз де, апамыз да сол немерелердің қызығын көрер шағында дүниеден өтті.

Асыл апамыз хақында өткен шақпен естелік айту бізге де оңай емес. Көзіміз көргенмен, көңіл құрғыр сенбейді әлі. Енді ол шаңыраққа барғанда бізді аңқылдап, жарқылдап құшақ жайып қарсы алатын апамыз да, жездеміз де жоқ. Келмесің келмесің мініп кетті. Бірақ артында ұрпағы қалды. «Орында бар оңалар» дейді дана қазақ. Соған тәубе еттік. Асыл апамызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

Уақыт өтер, бірақ артар қадірін, болмысыңнан тек ізгілік таныдым. Жұмақ болып менің мекен өзіңе. Жатқан жерің жайлы болсын, бауырым.

Еске алушылар бауырлары, балалары



Бүгінгідей салтанатты мерекеде еліміздің жүрек соғысымен қатар орындалатын Ел Әнұранының тарихы туралы айтпай кету мүмкін емес. Мемлекеттің басты рәмізінің бірі – гимн. Ол грек тілінен аударғанда, «Салтанатты ән» деген мағынаны береді. Тарихымыздың қойнауына бойласақ, қазақ халқының ру-тайпасының өздеріне қатысты таңба белгілері, туымен қатар Әнұраны да болған. Әнұран мәтініндегі әрбір шумақтар адамға орасан рухани қуат беретін қасиетке ие, халықтың, ұлттың, мемлекеттің, елдің бірлігінің нышанындай ерекше белгісімен сипатталады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Мемлекеттік Гимн мәтіні екі рет бекітілді. Ол 1992 және 2006 жылдар еді.



Мәңгілік елдің мәртебелі Әнұраны

Республика өз алдына дербес мемлекет атанып, өз тәуелсіздігін иеленгеннен соң 1992 жылы Қазақстан Әнұранының музыкасы мен мәтініне байқау жарияланды. Онда қаншама белгілі композиторлардың әндері мен ақындардың өлеңдері сараланып, кәсіби мамандардың талқысынан өтті. Байқау қорытындысымен Қазақ КСР гимнінің музыкалық редакциясын сақтау туралы шешім қабылданды. Осылайша тәуелсіз Қазақстанның алғашқы гимні музыкасының авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди деп танылды. Сонымен қатар үздік мәтінге жарияланған байқауда белгілі ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаеваның жыр шумақтары үздік шықты. Естеріңізде болса, оның қайырмасты мынадай мәтінде болатын.

Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты – халықта,
Халықтың қуаты – бірлікте!

Ардақтап анасың, құрметтеп данасың,
Бауыра басқанбыз баршаның баласың.
Татулық, достықтың киелі бесігі –
Мейібан Ұлы Отаң қазақтың даласы!

Бұл Әнұран өз заманының қажетіне жарап, үлкен танымалдыққа ие болды. Десе де жаңалық жаршысындай болған Әнұран араға 14 жыл салып өмірге келді. Алайда бұл әннің мәтіні бұрыннан санаға жатталған, жүрекке қатталған мазмұны терең, халық арасына кең тараған ән болатын.

Осылайша, «Менің Қазақстаным» патриоттық әні 2006 жылы жаңа Мемлекеттік Гимн болып ресми түрде

қабылданды. Бұл халық құмарта тыңдайтын ғажай әнді Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы Жүмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазған болатын. Оны заманының бұлбұлындай керемет әнші Жамал Омарова орындайды. Әнді Жамал Омарова радиоға жаздырып, композитордың өтініші бойынша еліміздің байлығын паш етіп, күніне бірнеше рет радиодан шырқап тұрды.

Осылайша пәк көңілден туған ән Мемлекет рәміздерінің біріне айналды. Қазақстан Парламенті 2006 жылы 6 қаңтарда палаталардың бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер

туралы» Жарлықта тиісті түзету енгізіп, еліміздің жаңа Мемлекеттік Гимнін бекітеді.

Міне, содан бері де 16 жыл уақыт өтіпті. Қазақ деген қасиетті халықтың Мемлекеттік рәмізіне айналып, әлем ареналарында жеңіс жаршысындай көк туымызбен қатар шырқалатын әннің құдіреті бүкіл иісі қазақтың жүрегіндегі намыс отын алаулатып, қайрат жігерін оятады. Егемен еліміздің көк туымен қатар самғай бер, Мәңгілік Елдің мәртебелі Әнұраны!

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

СПОРТ



Облыстық спартакиадаға жолдама алды

Дәуімбай елді мекеніндегі жабық бассейн жұмысын бастағалы бұл нешінші рет ұйымдастырылып отырған жарыс екенін білмеймін. Әйтеуір су спортының ауданда алға басуына бұл нысанның үлкен пайдасы барын аз уақытта аңғардық. Иә, бұған дейін елді мекендердегі спорт нұсқаушылар, жасөспірімдер арасында аудандық турнирлер мен ашық біріншіліктер өтті. Нәтижесі моң әрине. Бір жағынан қатысушылар шыңдалып, тәжірибе жинаса, екіншіден халық арасында турнирлер ұйымдастыру қолға алынып жатыр. Бұл су спортына жергілікті тұрғындардың қызығушылығы артқанын аңғартады.

Кеше кезекті сайыс тағы да жалғасын тапты. Бұл жолы Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында мемлекеттік қызметкерлер еркін жүзуден аудандық турнирде бақ сынады. Жарысқа Жалағаш кенті мен 14 ауылдық округтен 30-ға жуық спортшы қатысып, жүлделерді сарапқа салды. Турнирдің ашылу салтанатында аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Жамалатов сайыстың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бүгінгі шараның өзіндік маңызы барын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Себебі бұл турнир Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылып отыр. Әрбір отандасымыз үшін Мемлекеттік рәміздеріміздің мәртебесі жоғары. Әлемдік халықаралық додаларда көк туымыз әуеде желбіреп, әнұранымыз шырқалғанда қуанбайтын қазақ жоқ. Міне, осыдан-ақ біздің Мемлекеттік рәміздерге деген ерекше құрметімізді аңғаруға болады. Ал оны жүзеге асыру кез келген спортшының қолынан

келмейді. Ол үшін әуелі осындай сайыстарда тәжірибе шыңдау қажет. Бүгінгі жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін. Шын мықтылар жеңіс тұғырынан көріңсің, – деді Е.Жамалатов.

Бөлім басшысының бұл сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Расында үлкен додаларда, байрақты бәсекелерде туымыз бйікте желбіреп, әнұранымыз шырқалғанда кеудені қандай қуаныш кернейді дейсің, шіркін! Расында мұндай мәртебе кез келген спортшының бағына бұйыра бермейді. Ол үшін үлкен ізденіс нәм тәжірибе, жаттығу қажет. Ал

оның бастауы осындай шаралар екені айтпаса да белгілі.

Не керек, кешегі сайыста 30-ға жуық мемлекеттік қызметкер еркін жүзуден жүлделерді сарапқа салды. Бас төреші Нұркен Базарбайдың сайыс шартын қатысушыларға түсіндіруінен кейін 25-40 жас аралығындағы қатысушылар 50 метрге еркін жүзуден жарысты.

Жасыратыны жоқ, қатысушылар мемлекеттік қызметкер емес, тура бір су спортына машықтанған көңгі азаматтар іспетті. Десе де сайыс болған соң бірі мәреге ерте келіп бағы жанады, келесісі қалыс қалып жатады. Бірақ бас төреші олардың уақытқа жүзу шеберлігін жоғары бағалап отыр.

Жарыс қорытындысымен 25-40 жас аралығындағы 50 метрге еркін жүзуден Нұрғазы Ақылов мәреге бірінші келді. Ал Самат Нұрпейісов келесі орынға жайғасса, үздік үштікті Азамат Талғатұлы түйіндеді.

Мұнан кейін кезек 40-50 жас аралығындағы қатысушыларға да келіп жетті. Олар еркін жүзуден 25 метрді аз уақытта бағындыруы қажет. Мұнда да жігіт ағалары жастардан қалыс қалмады. Турнир қорытындысымен І орын Марғұлан Алмағанбетовке бұйырды. Ал екінші орынды Руслан Қайранұлы қанағат тұтса, үздік үштікті Марат Ертуғанов түйіндеді.

Аудандық турнирді қорытындылаған жабық бассейн директоры Мұхтар Құлболдиев қатысушыларға алғыс білдіріп, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің дипломдарын табыс етті.

– Жарыс болған соң бірі озып, енді бірі қалыс қалып жатады. Бірақ оған ешкімнің сағы сынбауы қажет. Керісінше өз-өзін шыңдағаны дұрыс. Бүгін сіздер күнделікті спорттың бұл түрімен айналыспасаңыздар да су спортына дағдыланған азаматтай өнер көрсеттіңіздер. Баршаңызға алғысым шексіз. Мемлекеттік рәміздеріміздің 30 жылдығы құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Алда мұнан да үлкен додаларда топ жарып, мемлекеттік қызметте мәртебелеріңіз арта берсін, – деді жабық бассейн директоры.

Айта кетейік, турнир барысында жүлделі орындардан бөлек қатысушылар арасында еркін жүзуден көзге түскен бірқатар азамат арнайы номинациямен марапатталды. Ал 25-40 және 40-50 жас аралығында топ жарған спортшылар алдағы уақытта өтетін мемлекеттік қызметкерлер арасындағы облыстық спартакиадаға жолдама алды.

**Аружан Мыңбай,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
3 курс студенті**

Ұлы дала елі көк тудың астында

Күллі қазақ жұрты бүгін ешкімге тәуелді емес. Біреудің тілінде сөйлеп, біреудің дінін ұстанып, мәдениетін түйсінуге де тиісті емес. Керісінше өз тілінің мәртебесін көтеріп, дінінен адаспай, мәдениетін дамытуы қажет. Кешегі қазақтың басынан өткен қилы кезең, тарихтың том-том беттерінде сақтаулы тұрған мәдени мол мұрамыз бен болашаққа бастаған игі істеріміз үйлесім тапқанда ғана ұлттық болмысымызды жоғалтып алмаймыз. Өйткені өткенге көз жүгіртпей, келешекке қадам басу мүмкін емес.



**МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛ**

Қазақ қазақ болғалы мұндай жетістікке жетуде қанша нәубетті бастан көшкенін тарих дәлелдеп береді. Қараңғылықтың қоюланғаны таңның жақындағанын білдіреді демекші, тәуелсіз мемлекет атанамыз дегенше қазақ даласында орын алған барлық қақтығыстар, сұм соғыстар мен қиын кезеңдер елдің қаймақтарын алып кетті. Ұланғайыр Алтай мен Атырауды атақоныс еткен текті халықтың бүгінгі күнгі жетістігінің бері сол қараңғылық басқан кезеңдердегі ата-бабаларымыздың ерлігінің арқасында келді. Ал ұлтрақтай болсын жерімізді жау табанына тапталпай бізге қалдырып кеткен бабаларымыздың аманатына қиянат жасамау – бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі міндет.

«Тәуелді деген сөзді тудырған – күштілер» дейді Шерхан Мұртаза бір сөзінде. Иә, ол – табиғи заңдылық. Жанды жаратылыс иелеріне тән әлсіздерді басыну, әлімжеттік жасау, күш көрсетіп өзгенің жеке кеңістігіне өтіп кету адамға таңсық дүние емес. Әуелгіге үңілмей-ақ тарихтан білетін көтерілістерге зер салайықшы. Не үшін қазақтың марғасқа жігіттері қолдарына найза ұстап, садақ асынды? Неге Махамбет Өтемісұлы «Қасарысқан жауына, Қанды көбік жұтқызбай. Халыққа төнетек атанбай, Ерлердің ісі бітер ме?» деп жүрлады? Не себепті тарихтың қай кезеңін ашақ та қазақтың нәубетіне көзіміз? Міне, біз жоғарыда айтқан сөздерге тарих дәлел.

Қазақ – жауынгер халық. Қазақ – о бастан еркіндік үшін жаралған текті ел. Қаны таза, жаны бөлек, болмысы ерек, ұланғайыр кеңжазыралы даланы мекен еткен кеңпейіл ұлт. Кеңпейілділігіміз де талайдың бір ұртына арамдық ұялатқан еді. Қазақтың еншісіндегі кең даланы басып алмақ ниетте жай жатқан өлге соқтыққан жаудың кесірінен орын алған көтерілістер көп. Азаттық үшін күрестер бірнеше жылдарға созылғанымен, тіпті бізге тиесілі көй жерлер жаттың қолына өтіп кеткенімен, ұлттық рухымыз әлсіремеді. Керісінше жұмырбасты пендеге берілген намыс пен ар-ождан сынды өлшенбес қасиеттер күшейе түсіп, қазақтың батыр-баһадүрлері бір-бірлерін қайрады. Жесір мен жетімін жылатпаған халық қасық қаны қалғанша намыс туын құлатпады. Әр кезеңде жасалған шапқыншылықтар, ұлт-азаттық көтерілістер мен қозғалыстар да ел мен жер дауын желеу еткен болатын. Шыңболаттай шыңдалған, мыңғырған әскерімен, қару-жарағымен жасақталған жау шебіне ата-бабаларымыздың бірнеше есе аз жауынгермен төтеп беруіне жігер берген бүгінгі ұрпақтарының қамсыз күн көшісін деген асыл арманы еді. Азаттық ата-баба арманы дейтініміз де сол ғой.

Қашанда қырандай қырағылық қанында бар текті халық бұрыннан құлашын кеңге жайып, ұланбайтақ атырапта еркіндікте өмір сүргенді аңсады. Қазақ халқының осындай болмыс-бітімі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі қабылданған Мемлекеттік рәміздерімізден көрініс тапты. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Жалпы Мемлекеттік рәміздерсіз тәуелсіз ел болмайды. Қазақстан да өз егемендігін жариялаған кезде оны ең алдымен тәуелсіз елдің саяси мәртебесін білдіретін Тәуелсіздік декларациясын қабылдау арқылы бекітті. Содан кейін күн тәртібінде мемлекеттік рәміздерді қабылдау мәселесі тұрды. Еліміздің тұңғыш рәміздері – Ту мен Елтаңба 1992 жылдың 4 маусымында қабылданды. Міне, кеше ғана тұғырлы тәуелсіздігімізді тойлап, бөрікімізді аспанға атқан едік. Енді бүгін сол тәуелсіздіктің негізі Мемлекеттік рәміздеріміздің 30 жылдығына да келіп жеттік. Қандай қиындықпен бетпе-бет келсе де ұлттық рухынан, ерекше болмысынан ажырап қалмаған қазақтың тектілігі – өзгелер қызығып қарайтын тек бізге ғана тән қасиет.

**Тұраржан ӘКІМБАЙ,
аудандық ішкі саясат
бөлімінің қызметкері**

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас редактор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәуірлерілік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3138 Тапсырыс № 904